

## ОЖСБ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ТЕСТІЛІК ТАПСЫРМАЛАР ЖИНАҒЫН ҚҰРАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

Оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) пәндерінің тізіміне кірген пәндер бойынша жаңа формада тестілік тапсырмалар құрастырылады – **берілген жауаптардың ішінен бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау.**

Барлық дұрыс жауаптарды таңдағаны үшін студентке 2 (екі) бал беріледі.

Жіберілген 1 (бір) қате жауап үшін 1(бір) бал беріледі.

Жіберілген 2 (екі) немесе одан көп қате жауап үшін 0 (бір) бал беріледі.

Тапсырмалардың мазмұны нақты, қысқа және түсінікті болуы тиіс.

Нақтылық мазмұны метафоралар және сәйкес емес лексикаларсыз, терминдарды, жасанды тіл элементтерін, формулаларды қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

Қысқалық минимум құралдар арқылы тапсырма мағынасының максимум түсініктілігіне жету мақсатында сөздердің, символдардың, графиктердің тиянақты таңдалуымен жүзеге асырылады.

Түсініктілік сыналатындар тапсырманың шынайы мағынасын дұрыс түсінген жағдайда, тапсырма мазмұны ашылады. Осындай мақсатпен, тапсырмалардан қайталанулар, түсініксіз, сирек кездесетін сөздер мен символар және шетелдік сөздер, тапсырманың мағынасын ашпайтын сөздер алынып тасталады.

Күрделілігіне байлынысты тестілік тапсырмалар 3 деңгейге бөлінеді:

1 – жеңіл – жалпы анықтаулар, ережелер, заңдар, қағидалар, фактілер, жағдайлар, схемалар, гистограммалар және т.б. арқылы білімді тексеру;

2 – орташа – қарапайым есте сақтау арқылы нәтижелерді шығару: фактілерді, ережелерді, қағидаларды ұғыну және түсіну; пәнді және оның бөлімдерін түсіну үшін шығармашылық ойлану арқылы есептерді шығару: формулаларды қолдану арқылы есептер шығару, оқылып отырған құбылыстар, процесстер, оқиғалар арасындағы байланыстар мен ұқсастықтарды ажырата білу;

3 – күрделі– тестіленушінің ғылыми-зерттеушілік қабілетін анықтауға және өте жоғары деңгейде материалды игеруге мүмкіндік беретін нәтижелерді шығару, яғни өзгеріп тұратын мәліметтердің болашағын шамамен анықтай білу; нақты практикалық жағдайларда заңдарды қолдана білу; оқылған материалды сынап білу, оны графиктерде, схемаларда, эскиздерде көрсете білу.

3. Тестік тапсырмалар келесі талаптарға сәйкес болуы керек:

1) Тапсырма жабық түрде болуы керек.

2) Тапсырма жауабының саны – 5,6,7,8,оның ішіндегі дұрысы – 1,2,3

3) Тапсырма нақты тілмен тұжырымдалған қысқа пайымдама түрінде ұсынылуы тиіс және тестіленуші қорытындысының бір мәнді еместігін жоюы қажет.

4) Дистрактоларда қайталанатын сөздердің болмауы қажет. Ұзын сұрақ және қысқа жауаптар болғаны жақсы, керісінше емес.

5) Тапсырма тұжырымдамасында бұйрық райы болмауы тиіс (атаңыз, анықтаңыз, көрсетіңіз, артығын табыңыз)

6) Тапсырманың жауабы бір мағыналы болу керек. Келесідей жауаптардың түрлері болмауы керек: <Ия>, <Жоқ>, <Дұрыс>, <Дұрыс емес>, <Барлық жауаптар дұрыс>, <Барлық жауаптар дұрыс емес>, <Берілген жауаптардың ішінде дұрысы жоқ>, <Дұрыс жауап жоқ>, <Жоғарыда аталғанның барлығы>, <Төмендегі аталғанның барлығы>, <Жатпайды>, <Ерекшелейсіз>, <Анықтаңыз>, <Көрсетіңіз>, <Дұрыс емесін таңдаңыз... >.

7) Тапсырма стилистикалық және орфографиялық дұрыс құрастырылуы қажет.

8) Барлық жауаптардың нұсқалары ұзындылық бойынша салыстырмалы болуы керек, және де бір жолдан аспауы қажет.

9) Тапсырма бір стильде жасалуы қажет. Жауап қойылған сұрақтың логикалық қорытындысы болуы керек.

10) Тапсырманың тұжырымдамасы хабарлы түрде көрсетілуі қажет (сұрақ түрінде емес). Сұрақ – сөздерін қолданбау керек (<қалай>, <неге>, <қандай>).

11) Тапсырмада ойға салатын немесе еске түсіретін белгілі өтірік жауаптар, сонымен бірге ерекшеленетін жауаптар болмауы тиіс.

12) Тапсырмада қарама-қайшылықтар, даулы жағдайлар және келіспеушіліктер болмауы тиіс.

13) Тапсырмалар қайталанбауы тиіс.

14) Тапсырмада керекті анықтамалық мәліметтер болуы қажет, емтихан барысында студенттерге кітаптарды немесе оқу құралдарын, дәрістік конспектілерді және тағы да басқа ақпарат көздерін қолдануға тиым салынады, тек қана тесттілік тапсырма жинағының паспортында көрсетілген анықтамалық материалдарды қолдана алады.

15) Тапсырма және жауаптар мәтінінде қолданылған барлық көлемдердің белгілері түсіндірілуі және де олардың өлшеу бірлігі көрсетілуі қажет.

16) Word-қа қойылған, графикалық объектілерді қолданғанда, олардың көлемі А4 форматынан аспауы керек (jpeg форматын қолданған жақсы).

17) Тапсырмалар студенттердің нақты сол пәнді оқу барысында алған білімін, және де бұрында өткен (пререквизиттер) пәндер бойынша қалдық білімін болжауы қажет.

18) Тесттілік тапсырмаларды құрастыру барысында, тесттілік тапсырмалар құрамы өтілген пәннің мазмұнына сай келуіне назар аудару қажет.

19) Пәндер бойынша тесттілік тапсырмалардың ең аз саны: 1 кредит – 100 тесттілік тапсырма, 2 кредит – 200 тесттілік тапсырма, 3 кредит – 300 тесттілік тапсырма.